

**2023-2024 оқу жылдың қыркүйек, қазан, қараша,  
желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында орталықта төмендегі жұмыстар  
атқарылды:**

- Б.Момышұлы туралы баспа беттеріндегі, ақпарат құралдарындағы мақалаларды жинақтау, кітаптар мен арнау өлеңдерді компьютерге түсірілді.
- ҚР Орталық Мемлекеттік Архиві, Жамбыл облыстық және т.б. архивтерге іссапарға шығып, Б.Момышұлына қатысты материалдарды жинау жұмыстарын жүргізіліп, жалғастырылуда.
- Жиналған архив материалдарын студенттер мен мектеп оқушыларына таныстырылды.
- Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің 80 жылдығына орай Ш.Уәлиханов атындағы облыстық әмбебап кітапханасында Ә.Найзабаев баяндама жасады.
- Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының иегері, ҚР Ақпарат және Мәдениет саласының үздігі, ақын, журналист Ғайни Әлімбекқызының кешіне қатыстық.
- Айшабибі орта мектебінде өтетін «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар» байқауына қатысып, сараптама жұмыстары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргіздік.
- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Әскери кафедрасының студенттеріне ҚРОМА-нен алынған құжаттар туралы лекция сабақтарын өткіздік. Ол туралы университетіміздің сайтында, БАҚ-та жарияланды.
- Республикалық «Еңбекші» газетінде «Батырдың ізімен Кубаға неге бармасқа», Облыстық «Арай» және «Университет тынысы» газеттерінде» «Бауыржан Момышұлының Кубаға сапары», «Бауыржан Момышұлының кітаптары Куба жерінде» атты мақақаларымыз жарық көрді.
- Орталықтың жетекшісі профессор Мекемтас Мырзахметұлы Алматыдағы Панфиловшылар саябағында Б.Момышұлының 24 желтоқсан туған күнінің 113 жылдығына орай сөз сөйлеп, ескерткішіне гүл шоғын қоюға қатысты.
- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Әскери кафедрасының студенттеріне ҚРОМА-нен алынған құжаттар туралы 6-7 желтоқсанда лекция сабақтары өтті.
- Б.Момышұлының «Куба әсерлері» кітабының жазылу тарихы мен таралуы, танылуы атты республикалық «Ақиқат» журналының 29.01. 2024 №1 санында Ә.Найзабаевтың мақаласы жарық көрді.
- Жалпы білім беретін оқу орындарының арасында «Бауыржан оқулары» облыстық ғылыми-шығармашылық байқауын 06.02. 2024 ж. «Жамбыл дарын» орталығымен бірлесе отырып үшінші жыл өткіздік. Байқауға Жамбыл облысының аудандары мен қала мектептерінен 70 оқушы қатысты.

- 12.02.2024 жылы Астанадағы куба елшілігіне Б.Момышұлының 1963 жылы Кубаға барған сапарына қатысты Кубадағы материалдарды анықтау, ол құжаттарды орталыққа алдыру туралы қызметтік хат дайындап жолдадық.
- Облыстық музейде «В.И.Панфилов және Момышұлы – ерлік пен елдіктің үлгісі» деген тақырыптағы дөңгелек үстелге Ә.Найзабаев қатысып, «филология және журналистика» тобының студенттеріне баяндама жасады.
- Ә.Найзабаев 21.02-01.03.2024 жылы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивіне іссапарға шығып, Б.Момышұлының 1432 жеке қорындағы Куба сапарына қатысты материалдар бойынша жұмыс жасады.

«Бауыржантану» ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері                      Ә.Найзабаев